

**Облыстық Мәслихаттың 2002 жылғы 20 желтоқсандағы XVII сессиясының N 146 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облыстық мәслихатының 2003 жылғы 12 ақпандағы N 164 шешімі. Қызылорда облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 18 ақпанда N 3114 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облыстық мәслихатының 2010 жылғы 01 сәуірдегі N 1-214м Хатымен )

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облыстық мәслихатының 2010.04.01 N 1-214м Хатымен).

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

"Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша жекелеген санаттағы азаматтарға әлеуметтік төлемдердің кейбір түрлерін төлеу тәртіптерін бекіту туралы" облыстық мәслихаттың 2002 жылғы 20 желтоқсандағы XVII сессиясының N 146 шешімінің 5 қосымшасына мынадай өзгерістер енгізілсін:

3 бөлім "Көмек көлемі" жаңа редакцияда баяндалсын:

"Белгілі кезеңге Қызылорда облысы бойынша табиғи монополияны реттеу, бәсекелестікті дамыту және кәсіпкерлікті қолдау Департаменті бекіткен, бірақ 1 адамға шаққанда осы мақсатқа ағымдағы жылға бюджетте қаралған қаржы көлемінде белгіленген мөлшердің шегінен аспайтын Арал-Сарыбұлақ су құбырынан Арал және Қазалы аудандары тұрғындары нақты пайдаланған ауыз судың 1 текше метр құнының 60% дейінгі есебінен көмек көрсетіледі".

**Облыстық мәслихатының кезектен  
тыс XVII сессиясының төрағасы  
Облыстық мәслихат хатшысы**